

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
БІЛІМ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ ИНСТИТУТЫ**

БЕКІТЕМІН
Қабылдау комиссиясының төрағасы,
ректор Б.Т. Шақешев




**ПЕДАГОГТІК ҚАЙТА ДАЯРЛАУ КУРСЫНА ҚАБЫЛДАУ
ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Дайындық бағыты	Білім беру бағдарламаларының атауы
Педагогтік қайта даярлау	PR0013- Педагогтік қайта даярлау

Орал, 2026


«Педагогика және психология» кафедрасының отырысында талқыланып қаралды.

№ 11 хаттама, « 10 » 06 2026 ж.

Кафедра меңгерушісі:  PhD,
қауымдастырылған профессор Султаниязова Н.Ж.

Бағдарлама институт кеңесінің отырысында қарастырылды және бекітілді:

№ 11 хаттама, « 12 » 06 2026 ж.

Институт кеңесінің төрағасы:  А.С.Тасмағамбетов

Жалпы ережелері

Осы Кабылдау емтиханының (сұқбат өткізу түрінде) бағдарламасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 11) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «31» қазандағы № 600 бұйрығымен (1-қосымша) бекітілген «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес әзірленген.

6B01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

Тәрбиеші – қазіргі қоғамдағы ең маңызды әрі жауапты мамандықтардың бірі. Бұл мамандық иесі мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық дамуына, ой-өрісін кеңейтуге, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар атқарады. Мектепке дейінгі білім беру бакалавры кәсіби шеберлікке, баланың жас ерекшеліктерін терең түсінуге, психологиялық-педагогикалық білімге ие болуы тиіс. Ол тәрбиелеу мен оқытудың заманауи әдістерін қолдана отырып, балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Бағдарлама тыңдаушылардың педагогикалық қызметке бейімділігін, балалармен жұмыс істеу ынтасын, эмоционалдық тұрақтылығын және кәсіби бағдарын анықтауға бағытталған.

6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – ұлттық руханияттың, тіл мәдениетінің және әдеби мұраның сақтаушысы әрі таратушысы. Бұл мамандық иесі оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыруға, сөз өнеріне қызығушылығын дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған қызмет атқарады. Қазақ тілі мен әдебиеті бакалавры тіл білімінің теориялық негіздерін, әдебиеттану әдіснамасын, мәтін талдау мен көркем шығарманы оқыту технологияларын меңгеруі керек. Ол шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін дамытуы тиіс. Бағдарлама тыңдаушылардың тіл мен әдебиетке қызығушылығын, педагогикалық қабілеттерін және оқушылармен тіл табысу дағдыларын анықтауға бағытталған.

6B01703 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті

Бұл мамандық орыс тілін өзге тілде сөйлейтін оқушыларға оқытатын мұғалімдерді даярлауға бағытталған. Мұғалім тек тілдің грамматикалық құрылымын ғана емес, мәдениаралық қарым-қатынас дағдыларын да қалыптастыруы қажет. Болашақ маман заманауи тілдік технологияларды, коммуникативтік әдістемелерді, интербелсенді оқыту тәсілдерін меңгеруі тиіс. Сонымен бірге, әр оқушының тіл үйрену ерекшелігін ескеріп, даралап және саралап оқыту әдістерін қолдануы қажет. Бағдарлама тыңдаушылардың тілдік және педагогикалық бейімділігін, көпмәдениетті ортада жұмыс істеу қабілетін айқындауға бағытталған.

6B01702 – Шет тілі: екі шет тілі

Шет тілі мұғалімі – жаһандану дәуірінде мәдениеттер арасындағы байланысты қамтамасыз ететін кәсіби тұлға. Ол оқушыларға шетел тілдерін меңгертумен қатар, халықаралық коммуникация мәдениетін қалыптастырады. Болашақ мұғалім екі шет тілінің грамматикалық құрылымын, фонетикалық және лексикалық жүйесін жетік меңгеріп, тіл үйретудің заманауи әдіснамасын игеруі тиіс. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тиімді пайдалану – басты кәсіби талаптардың бірі. Бағдарлама тыңдаушылардың шет тілдерін меңгеру деңгейін, педагогикалық икемділігін және көпмәдениетті қарым-қатынасқа дайындығын анықтауға бағытталған.

6B01601 – Тарих

Тарих пәнінің мұғалімі – ұлттың тарихи санасын қалыптастыратын, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелейтін тұлға. Бұл мамандық иесі тарихи оқиғаларды ғылыми тұрғыдан түсіндіре алады, деректермен жұмыс істеу дағдысына ие болуы қажет. Тарих бакалавры тарихи деректерді талдау, салыстыру, тарихи ойлауды дамыту және заманауи оқыту технологияларын қолдану қабілеттерін меңгеруі тиіс. Бағдарлама

тыңдаушылардың тарихи білімге қызығушылығын, сыни ойлау қабілеттерін және педагогикалық бағыттылығын айқындауға арналған.

6B01501 – Информатика

Информатика пәнінің мұғалімі – цифрлық қоғам жағдайында оқушыларды заманауи ақпараттық технологияларды тиімді қолдануға үйрететін кәсіби маман. Ол компьютерлік сауаттылықты қалыптастырумен қатар, логикалық және алгоритмдік ойлауды дамытады. Информатика бакалавры бағдарламалау негіздерін, ақпараттық жүйелермен жұмыс істеуді, STEM-технологияларын және цифрлық білім беру платформаларын қолдануды меңгеруі тиіс. Бағдарлама тыңдаушылардың ақпараттық-коммуникативтік қабілеттерін, педагогикалық икемін және инновациялық ойлауын анықтауға бағытталған.

Педагогтік қайта даярлау курсына қабылдау емтиханының сұрақтары (сұхбат түрінде):

1. Тәрбиенің бағыттарын атаңыз (ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық, т.б.).
2. Отбасындағы тәрбиенің рөлі қандай?
3. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығын ұйымдастырудың тиімді жолдары.
4. Құндылықтар арқылы тәрбие беру дегеніміз не?
5. Мектептегі тәрбие жұмысының формалары мен әдістерін атаңыз.
6. Тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау кезеңдерін сипаттаңыз.
7. Тұлғалық-бағдарланған тәрбиенің ерекшелігі неде?
8. Оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту жолдары.
9. Қоғамдық белсенділікті тәрбиелеу тәсілдерін атаңыз.
10. Ұжымдық шығармашылық істердің тәрбиелік маңызы неде?
11. Сабақтың құрылымдық бөліктерін атаңыз.
12. Заманауи сабақтың типтері мен түрлерін атаңыз.
13. АКТ құралдарын сабақта қолданудың артықшылықтары қандай?
14. Саралап оқыту технологиясының ерекшелігі неде?
15. Интерактивті әдістерге мысал келтіріңіз.
16. Жобалау әдісінің кезеңдерін атаңыз.
17. Бағалау критерийлері мен дескрипторлар не үшін қажет?
18. Қалыптастырушы бағалаудың мәні мен артықшылықтары қандай?
19. Педагогика ғылымының зерттеу нысаны мен пәні қандай?
20. Педагогикалық процестің құрамдас бөліктерін атаңыз.
21. Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері қандай?
22. Оқыту процесінің негізгі қағидалары қандай?
23. Дамыта оқыту технологиясының мәні неде?
24. Құзыреттілікке негізделген білім беру дегеніміз не?
25. Педагогикалық шеберлік ұғымын түсіндіріңіз.
26. Қазіргі заман мұғалімінің кәсіби құзыреттерін атаңыз.
27. Білім берудің үздіксіздігі принципі нені білдіреді?
28. Блум таксономиясының деңгейлерін атаңыз.
29. Оқушылардың танымдық процестері дегеніміз не?
30. Мотивацияның оқу іс-әрекетіндегі рөлі қандай?
31. Тұлғаның даму заңдылықтарын атаңыз.
32. Жас ерекшеліктер психологиясының негізгі кезеңдерін атаңыз.
33. Эмоция мен ерік-жігердің оқу процесіндегі маңызы неде?
34. Топтағы психологиялық климат дегеніміз не?
35. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың тиімді түрлерін атаңыз.
36. Қиын мінезді оқушылармен жұмыс істеу ерекшеліктері қандай?
37. Баланың өзін-өзі бағалауына әсер ететін факторлар қандай?
38. Танымдық белсенділікті арттыру тәсілдерін атаңыз.

39. Қашықтан оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттаңыз.
40. Оқу мотивациясын арттырудың педагогикалық тәсілдерін атаңыз.
41. Инклюзивті білім беру ұғымын түсіндіріңіз.
42. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс ерекшеліктері қандай?
43. Тілдік пәндерде коммуникативтік тәсілді қолдану жолдарын атаңыз.
44. Көптілді білім берудің артықшылықтары қандай?
45. Мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастыру әдістері қандай?
46. Мұғалімнің кәсіби этикасының негізгі қағидаларын атаңыз.
47. Педагогтың құқықтары мен міндеттерін көрсетіңіз.
48. Академиялық адалдық принциптері қандай?
49. Мұғалімнің қоғамдағы әлеуметтік рөлі қандай?
50. Педагогикалық деонтология дегеніміз не?

ӘНГІМЕЛЕСУ СЫНАҒЫНЫҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ

қабылданады	Қойылған сұрақтарға толық, жан-жақты жауап беріледі, ұғымдармен еркін жұмыс жасай алады, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата алады. Объект туралы білімдері ғылым мен пәнаралық қатынастар жүйесінде көрсетіледі. Жауап ғылыми терминдермен тұжырымдалған, қисынды, дәлелденген, авторлық ұстанымын көрсетеді.
	Қойылған сұрақтарға толық, жан-жақты жауап беріледі, объект туралы саналы білім жиынтығы, көрсетілді, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылды: жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым, логикалық бірізділік байқалады. Объект туралы білім осы ғылым мен пәнаралық байланыстар жүйесінде оны түсіну аясында көрсетіледі. Ғылыми тілде сөйлей алады. Жауап беру барысында жіберілген қателіктерді өз бетінше түзетуі мүмкін.
	Қойылған сұрақтарға толық, жан-жақты жауап беріледі, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылды; жауап құрылымы нақтыланған, логикалық дәйекті. Жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым, логикалық бірізділік байқалады. Жауап әдеби тілде баяндалады.
	Қойылған сұрақтарға толық, жан-жақты жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды көрсете білу. Жауап анық құрылымдалған, қисынды, ғылым терминдерді орынды қолданады. Жауап беру барысында елеусіз қателіктер жіберілуі мүмкін.
	Қойылған сұрақтарға толық жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырату мүмкіндігі көрсетілген. Жауап анық құрылымдалған, қисынды, ғылым терминдерінде жазылған. Жауап беру барысында елеусіз қателер немесе кемшіліктер жіберілген.
	Қойылған сұраққа дәйекті жауап жеткіліксіз берілген, бірақ бұл ретте елеулі және елеулі емес белгілер мен себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсете білген. Жауап қисынды және қажетті терминдермен берілген. Өз бетінше түзетуге қиын болатын негізгі ұғымдарды анықтауда 2-3 қате жіберілген.
қабылданбайды	Пәннің негізгі сұрақтары бойынша жауаптар алынбаған.

ОҚУҒА ТҮСУ СЫНАҒЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҮШІН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН АҚПАРАТТЫҚ КӨЗДЕРДІҢ ТІЗБЕСІ:

Негізгі әдебиеттер:

1. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. *Педагогика*. — М.: Академия, 2019.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. *Педагогика*. — Астана: Фолиант, 2020.
3. Сағындықов Е.Н. *Педагогика негіздері*. — Алматы: Қазақ университеті, 2018.
4. Сейталиев Қ. *Педагогика*. — Алматы: Print-S, 2019.
5. Әбенбаев С. *Тәрбие теориясы мен әдістемесі*. — Алматы: Дарын, 2018.
6. Ильина Т.А. *Педагогика*. — М.: Просвещение, 2020.
7. Подласый И.П. *Педагогика: Новый курс*. — М.: ВЛАДОС, 2021.
8. Атанасова К., Қараев Ж. *Қазіргі педагогикалық технологиялар*. — Алматы: Рауан, 2021.
9. Жарықбаев Қ., Қалиев С. *Қазақстан педагогикасының тарихы*. — Алматы: Білім, 2019.
10. Смирнов С.Д. *Педагогика и психология высшего образования*. — М.: Академия, 2020.
11. Мұқанова К.Ш. *Педагогикалық психология*. — Алматы: Қазақ университеті, 2020.
12. Мухина В.С. *Возрастная психология*. — М.: Академия, 2021.
13. Пидкасистый П.И. *Педагогика. Учебное пособие для педагогов*. — М.: Академия, 2020.
14. Беспалько В.П. *Слагаемые педагогической технологии*. — М.: Педагогика, 2018.
15. Громкова М.Т. *Психология и педагогика профессиональной деятельности*. — М.: Юрайт, 2019.

Қосымша әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. *Педагогическая психология*. — М.: Педагогика, 2020.
2. Леонтьев А.Н. *Деятельность. Сознание. Личность*. — М.: Смысл, 2019.
3. Блонский П.П. *Педология и педагогика*. — М.: Просвещение, 2018.
4. Пиаже Ж. *Речь и мышление ребенка*. — М.: Педагогика, 2019.
5. Құдайбергенова Г.А. *Инновациялық педагогика негіздері*. — Алматы: Білім, 2020.
6. Әбдіғапбарова У.М. *Мектепке дейінгі педагогика*. — Алматы: Қазақ университеті, 2020.
7. Жанпейісова М.М. *Модульдік оқыту технологиясы*. — Алматы: Атамұра, 2019.
8. Жолдасбекова С.А. *Педагогикалық инновациялар мен технологиялар*. — Астана: ЕҰУ, 2021.
9. Тұрғынбаева Б.А. *Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту*. — Алматы: Дарын, 2018.
10. *Формирование профессиональной компетентности учителя / Под ред. Л.М. Митиной*. — М.: Академия, 2021.